


Бағдарлама	Н 7-1.2.72 – 2024 12.01.2024	
------------	---------------------------------	---



БЕКІТЕМІН
Басқарма мүшесі – Стратегиялық
даму және интернационалдандыру
жөніндегі проректор
Ш.Есимова
_____ 2024 ж.

**Дулати университетінің су үнемдеу бағдарламасы
(2024-2026жж.)**

ТАРАЗ, 2024

Кіріспе

Су ресурстары осал және қазірдің өзінде климаттың өзгеруі мен өзгергіштігіне ұшырайды, бұл қауымдастықтарға, адам денсаулығына, экономикаға және қоршаған ортаға әр түрлі әсер етеді. Су ресурстарын ұтымды пайдалану болашақ ұрпақ үшін және суға тәуелді экожүйелер үшін судың қолжетімділігіне қауіп төндірмей, ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін суды пайдалану тәжірибесін білдіреді. Судың бүкіл жер бетінде өтіп жатқан барлық құбылыстарда атқаратын қызметі ерекше және адамның тіршілігі үшін де маңызы зор.

Адамзат та, табиғат та сусыз өмір сүре алмайтындығы ақиқат шындық. Адамның денсаулығы, қоршаған ортаның берекесі тікелей таза суға байланысты. Табиғат биосферасы, азық-түлік өндірісі, және әлемдік экономиканың дамуы түгелдей дерлік суға тәуелді. Бірақ әлем халқы көбейген сайын, экологиялық мәселе туындаған сайын таза су тапшылығы да байқала бастады. Суды пайдалану тиімділігін арттыруға, тұтынуды азайтуға және су ресурстарын қорғауға бағытталған бірқатар стратегиялар мен тәжірибелерді қамтиды. Су ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын енгізе отырып, біз осы құнды табиғи байлықты қазіргі және болашақ ұрпақ үшін тұрақты түрде сақтау мен пайдалану міндетін атқарамыз.

Дулати университеті БҰҰ-ның Тұрақты дамудың 17 мақсатын толық қолдап, олардың ішінде ТДМ 6 — «Таза су және санитарлық тазалық» бағытында тиімді жұмыс жүргізуде. Бұл мақсат судың және санитарлық-гигиеналық жағдайдың барлығына қолжетімділігін қамтамасыз етіп, су ресурстарын ұтымды пайдалануды дәріптеуді көздейді. Сондай-ақ, 6-мақсат басқа барлық тұрақты даму мақсаттарымен тығыз байланыста болып, олардың орындалуына да негіз болады.

Дулати университеттеі суды қолдану көлемі 2024 жылы 82 506,66 текше метрді құрайды, оған төленетін қаржы 16 852 734,49 теңгені қамтыды. Су тұтынуды азайту және тиімді басқару — университеттің экологиялық жауапкершілігінің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Су ресурстарын үнемдеу мен тиімді пайдалану арқылы экономикалық және экологиялық тұрақтылық қамтамасыз етіледі.

Су ресурстарын ұтымды пайдалану бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты университетте суды тұтынуды азайту, суды тұрақты басқаруға ықпал ету және суды үнемдеудің маңыздылығы туралы хабардар ету болып табылады.

№	Негізгі бағыттары	Суды ұтымды пайдалану шаралары	Орындалу кезеңдері	Жауапты құрылымдық бөлім
1.	Су тұтынуды нақты бақылау және есепке алу жүйесін енгізу	Барлық кампустарға су тұтыну есептегіштерін (умные счётчики) орнату. Тұтынуды азайтуға болатын аймақтарды анықтау үшін суды тұтыну аудитін жүргізу.	2024 ж.	Инженерлік-жөндеу бөлмі
2.	Қызметкерлер мен студенттер арасында су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру	Су үнемдеудің маңыздылығы туралы ақпараттық науқандар ұйымдастыру (плакаттар, видеороликтер, әлеуметтік желілер).	2024-2025 жж. бойы	Әлеуметтік жұмыс басқармасы, Факультет декандары, кафедра меңгерушілері
3.	Студенттерді, оқытушыларды, қызметкерлерді және қоғамдастық мүшелерін суды тиімді пайдалану бастамаларына тарту	Білімгерлер үйлеріне, оқу ғимараттарында төмен ағынды душ бастары мен крандар сияқты суды үнемдейтін қондырғыларды орнату.	2025 ж.	Әлеуметтік жұмыс басқармасы, Факультет декандары, кафедра меңгерушілері
4.	Жергілікті және аймақтық деңгейде суды ұтымды пайдалану шараларын	Су ресурстарын үнемдеу бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу. Тұрақты даму бағытындағы	2025 ж.	Әлеуметтік жұмыс басқармасы

	ілгерілету үшін басқа ұйымдармен ынтымақтастық орнату	экоклубтардың қызметін арттыру («GREEN LIFE» клубы, «EnactusDulat у», «Жалын», «Biz Birgemiz» волонтерлық қозғалысы)		
5.	Қашыртқы суды уақытылы анықтап жою	Су шығынын талдау және аномалияларды автоматты түрде анықтау. Қашыртқы суды жылдам анықтау және жөндеу бойынша арнайы қызмет ұйымдастыру.	2025 ж.	Әкімшілік – шаруашылық инженер
6.	Суды үнемдейтін технологиялар мен инфрақұрылымға инвестиция салу	Су ағынын азайтатын азраторлар мен су үнемдейтін крандарды орнату. Двухрежимді немесе су үнемдейтін тоңазытқыштарды және санитарлық жабдықтарды (унитаздар, душтар) енгізу. Суару қажеттілігін азайтуға арналған тұрақты экожобаларды дамыту	2025-2026ж.	Ғылым және коммерцияландыру департаменті
7.	Су үнемдейтін технологиялар мен жабдықтарды орнату	Орталықтандырылған жүйе арқылы нақты уақыт режимінде су тұтынуды бақылау Датчиктер арқылы автоматты түрде судың ағуын басқару (қолсыз крандар, сенсорлы душтар).	2026ж.	Әкімшілік – шаруашылық инженер

8.	Жаңбыр суын жинау және қайта пайдалану жүйесін енгізу	Жаңбыр суын жинау және оны жасыл аймақтар мен ландшафтты суландыруға пайдалану	2026ж.	Әкімшілік-шаруашылық басқармасы, Ғылым және коммерцияландыру департаменті
----	---	--	--------	---

Бағдарлама су ресурстарын тиімді, үнемді және экологиялық тұрғыдан жауапты түрде пайдалану арқылы шығындарды азайту, қоршаған ортаға жүктемені төмендету және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер

Дулати университетінде су ресурстарын үнемдеуге бағытталған бағдарламаны шараларды жүзеге асыру нәтижесінде жылдық су тұтынуын 30%-ға дейін азайту мүмкіндігі бар.

Су ресурстарын үнемдеуге бағытталған бағдарлама негізінде:

- Үнемделетін су мөлшері – 25 000 м³.
- Қаржы үнемі – 6 000 000 теңге.

Бұл көрсеткіштер университеттің ресурстарды ұтымды пайдалану бағытындағы нақты нәтижелерді білдіреді және Тұрақты даму мақсаттарының бірі — "Таза су және санитарлық тазалық" (ТДМ 6) бағытына тиісті үлесін қосады.